



Тақырыбы:


**“Жақсылық жасай
білейік”**

Құндылық: Ақиқат.

Қасиеттер: Адалдық, сүйіспеншілік,
жақсылық жасау

Міндеттері:

- ❖ Жақсылықтың адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру;
- ❖ Жақсылық жасай білу іскерліктерін дамыту;
- ❖ Оқушыларды адалдыққа, қайырымдылыққа, жақсылық жасай білуге тәрбиелеу;



□ Оқушыларды 5Т ережесі бойынша: тәртіп, тазалық, талап, тыныштық, татулыққа шақыру.



Ыңғайланып отырыңыздар, денелеріңізді түзу ұстаңыздар. Аяқ-қолыңызды айқастырмаңыз. Қолыңызды тізенізге немесе үстелге қоюға болады. Көздеріңізді жұмуларыңызды өтінемін.

Елестетіп көріңіз. Күн нұры сіздің төбенізден өтіп, кеудеңізге қарай бойлап барады. Кеудеңіздің орта тұсында гүл түйнегі орналасқан. Гүлдің түйнегі нұрдан баяу ашылып келеді. Балғын және таза әсем гүл сіздің әр ойыңызды, әр сезіміңізді, эмоцияңыз бен тілек-қалауыңызды шайып, жүрегіңіздің қауызын ашты.

Нұр сәулесі сіздің бойыңызға ақырын тарай бастағанын елестетіңіз. Ол біртіндеп күшейе түсуде. Оймен осы нұрды қолдарыңызға түсіріңіз. Сіздің қолдарыңыз нұрға бөленіп, сәуле шашуда. Қолымыз тек жақсы, ізгі істер істейді және баршаға көмектеседі. Нұр аяқтарыңызға тарады. Аяқтарыңыз нұр сәулесін шашуда. Олар сізді тек жақсылық жасау үшін жақсы жерлерге апарды. Олар нұр мен махаббат құралына айналды.

Одан әрі нұр сіздің аузыңызға, тіліңізге тарады. Тіліңіз тек шындықты және жақсы, ізгі сөздер ғана айтады. Нұрды құлақтарыңызға бағыттаңыз, құлақтарыңыз тек жақсы сөз бен әсем әуенді ғана естиді. Нұр көздеріңізге де жетті, көзіңіз тек жақсыға қарап, бәрінен жақсылықты ғана көреді. Сіздің басыңыз түгелдей нұрға бөленіп, басыңызға тек ізгі, сәулелі ой келеді.

Нұр бірте-бірте қарқын және шұғылана бастайды, сіздің денеіңізден шығып жан-жағыңызға сәуле шашады. Осы нұрды туысқандарыңызға, мұғалімдеріңізге, достарыңызға, таныстарыңызға бағыттаңыз. Нұрды түсініспей, ренжісіп жүрген адамдарға да бағыттаңыз, олардың жүрегі нұрға толсын.

Осы нұр бүкіл әлемге: барлық адамдарға, жан-жануарларға, өімдіктерге, барлық тірі жанға таралсын. Ғаламның барлық түпкіріне нұр бағыттаңыз. Ойша айтыңыз: “Мен нұрлымын...Нұр менің ішімде. Мен Нұрмын”. Осындай Нұр, Махаббат және Тыныштық күйінде отыра тұрыңыз. Енді осы Нұрды жүрегіңізге орналастырыңыз. Нұрға толы бүкіл әлем сіздің жүрегіңізде. Оны осындай әсем қалыпта сақтаңыз.

Жәймен көзіңізді ашуға болады. Рахмет.




II. Үй тапсырмасын тексеру
№16 сабақ. “Жақсылық пен жамандық” ертегісін оқып, талдау.

- **Адам ата ұрпағын не үшін сынады?**
- **Неліктен адам Жақсылықтың айтқандарын орындады деп ойлайсыңдар?**
- **“Жамандыққа ерсең жаман боласың, жақсылыққа ерсең жақсы боласың” деген ой туралы қандай пікір айта аласыңдар?**

**“Біреуге жақсылық етсең, ол
жақсылығыңды міндет етпе”
Ы.Алтынсарин**

- ❖ Дәйексөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?
- ❖ Жақсылықты риясыз жасау дегеніміз не деп ойлайсыңдар?
- ❖ Жақсылықты риясыз жасайтын адамның бойында қандай қасиеттер қалыптасады?



*Адамға жақсылық жасасаң, риясыз
жасау керек. Өйткені ол
жанашырлықпен, шын көңілмен,
адал ниетпен жасалған іс. Оған ақы
сұраудың, жақсылығымды қайтар
деудің қажеті жоқ. Жасаған
жақсылық бәрібір алдыңнан шығады.
Жақсылық зая кетпейді.*

**IV. Мұғалім
сыйы.
Әңгімелеу.**

В.А.СУХОМЛИНСКИЙ
“Нағыз адам”



Сусыз далада құдық бар. Оның қасында бір үй тұр. Онда атасы мен немересі тұрады.

Құдық басында ұзын арқанға байланған қауға тұр. Жолаушылар құдық басына тоқтап, салқын суға қанады, тынығады, қана жатып атайға алғыс айтады.

Бір күні арқан тозып үзілді де, қауға құдыққа түсіп кетті. Атайдың арқаны жоқ еді. Енді құдықтан су тартып ішетін ештеңе қалмады. Немересі мен атай бірнеше күн су ішеді. Екеуі әбден қалжырады. Үшінші күні таңертең атайдың үйінің қасына арбалы жолаушы келіп тоқтады. Атай арбада сабан астында жатқан шелекті көрді. Жолаушы әуелде құдыққа, сосын немерелі атайға қарады да, атын қамшылап жүріп кетті.

-Бұл қандай адам? – деп сұрады немересі.

-Бұл адам емес, - деп жауап берді атасы.

Түске таман тағы бір жолаушы келіп тоқтады. Арбадан шелегін алды, оған арқан байлап су тартты. Атай мен немересін суға қандырды. Қалған суды құмға төкті де, шелегі мен арқанын алып жүріп кетті.


-Бұл қандай адам? – деп сұрады немересі.

-Бұл адам емес, - деп жауап берді атасы.

Кешке үшінші жолаушы келіп тоқтады. Ол арбасынан шелек пен арқан алды. Арқанды шелекке байлап су тартты. Суға қанып алды да, шелегі мен арқанын құдық басына қалдырды.

-Бұл қандай адам? – деп сұрады немересі.

-Бұл – нағыз адам, - деп жауап берді атасы.



1. Атасы мен
немересі қайда
тұрушы еді?

2. Олар
қандай
жағдайға
тап болды?


3. Бірінші, екінші
жөлаушылар
әрекеттерінен
нені
аңғардыңдар?

Сұрақтар

4. Үшінші
жөлаушыны
қандай адам деп
айтуға болады?
Неге?

5. Жақсылық
жасаудың қандай
маңызы бар?

Шығармашылық жұмыс



Оқушылардың санына сәйкес алдын ала дайындалған тамшы үлгісінде қиылған қағаздар үлестіріледі. Әр бала тамшыға өзі жасаған жақсы істерін жазып көрсетеді. Мұғалім тақтадағы ақ қағазға тамшыларды ілуді ұсынады. Әр бала өзгелерге өзі жасаған жақсылықтарын жария етеді.

Мұғалім шығармашылық жұмыс нәтижесін қортындылайды. Тамшылар ілінген плакат астына көкпеңбек дария суретін апарып іледі.

Мейірімді , қайырымды, сезімтал
адам әрдайым жақсылық жасауға
дайын тұрады. Ақниетпен
жақсылық жасау адамның ішкі
дүниесінің байлығын жан
сұлулығын көрсетеді. Риясыз
жақсылық жасау – биік
адамгершіліктің белгісі.



ҮІ. Топпен ән айту.

“Бала тілегі”


Сөзі: С.Молдасанұлы

Әні: Ф.Жолдасова

*Бал -балалық балдырған шақ сан арман,
Барлық бала армандауға жаралған.
Кел , достарым , әндеміңдер, билеңдер
Гүлденсін деп атамекен қара орман.} 2 рет*


*Болашақтың иесіміз бәріміз,
Туған жердің түрлендірер нәріміз.
Алтын бесік - ұлан – байтақ елімде
Жарқын болсын шырқап айтар әніміз. } 2 рет*

*Қалықтаған көгершіні көгінде,
Мұңаймасын ешбір бала елімде.
Ата берген батаменен көркейсін,
Ұлы Отаным,тілегім сол менің де . } 2 рет*






ҮІІ. Үйге тапсырма:
№17 сабақ. Б.Әділовтың
«Қанат пен Жанат» атты
әңгімесін үйден оқып келу,
дәптердегі тапсырманы
орындау.

A close-up photograph of several purple flowers with bright yellow centers. The flowers are in various stages of bloom, with some fully open and others as buds. The background is a soft, out-of-focus green, suggesting foliage. A white heart-shaped graphic is overlaid on the right side of the image, containing text in a bold, black, sans-serif font.

**Сабақта көрініс тапқан
жақсы қасиеттер
жүректерімізде сақталып,
іс жүзіне асырылсын.
Жақсы ой ойлайық, жақсы
сөз сөйлейік, жақсы іс
жасайық!**

The image features a decorative yellow border with a grid pattern. Inside the border, there are several bright yellow sunflowers with dark brown centers. Three sunflowers are on the left side, and two are on the right side. The background is a light, warm yellow color.

*Жақынды ,досты аяла,
Қанатың сонда талмайды.
Барыңды жұрттан аяма,
Жақсылық жерде қалмайды.
Жайдары жүзбен жарқыра,
Қатыгез болсаң-сол қайғы.
Қайырымды бол халқыңа,
Жақсылық жерде қалмайды.*

Назарларыңызға
рахмет!

www.ZHARAR.com